




Сандық педагогика




► Кіріспе

Бұл жоба Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын (БҒДМБ) басшылыққа алады және педагогтердің кәсіби шеберлігін ілгерілетуге бағытталған. Соңғы жылдары «цифрландыру» сөзі педагогтер лексикасының құрамына енді. Педагог мектептің сандық мүмкіндіктерін немесе ашық ресурстарды ескере отырып, оқыту тәсілдерін тез өзгертуді үйренуі керек.



▶ Жобаның өзектілігі

Сайттың ресурстарында қойылған проблеманың мәнін нақты тұжырымдау болуы керек, тұжырымдамалар мен аналитикалық құралдарды пайдалана отырып, осы проблеманы өз бетінше жүргізілген талдау, қойылған проблемаға қатысты автордың позициясын қорытындылайтын қорытындылар кіруі керек. Осыған байланысты бұл сайттың өзектілігі даусыз.



► Жобаның миссиясы мен мақсаты

Жобаның миссиясы: Педагогтерге білім сапасын арттыруға бағытталған педагогикалық шеберліктерін арттыруға, жеке мәдениетін дамытуға және шығармашылық әлеуетін арттыруға көмектесу.

Жобаның мақсаты: Сандық білім беру кеңістігінде жұмыс жасайтын барлық типтегі білім беру мекемелерінің мұғалімдеріне, сонымен қатар ата-аналарға қашықтықтан қолдау.

Жобаның міндеттері: Білім беру процесіне қатысушылардың сұраныстары мен қажеттіліктеріне жедел және әлеуетті жауап беруді қамтамасыз ету.



► Жобаның басымдығы

АКТ-ны жаппай қолдану арқылы білім берудің жаңа сапасын қамтамасыз ету, оның қол жетімділігі мен тиімділігін арттыру, мүдделі тараптарды білім беру үдерісін ұйымдастырудың сандық шешімдерінің қолданыстағы түрлерімен, сандық технологияларды қолдана отырып, оқу педагогикалық жобалау негіздерімен, авторлық электрондық оқыту құралдарын жасау кезеңдерімен таныстыру.



▶ Жүзеге асыру тетіктері

Әдістемелік көмек төмендегілер арқылы жүзеге асырылатын болады:



- » - онлайн-консультация;
- » - білім беру қызметінің әр түрлі бағыттарындағы нұсқаулық және әдістемелік нұсқауларға түсініктеме беру, яғни әдістемелік қамтамасыз ету;
- » - тәжірибе алмасу және озық педагогикалық жетістіктерді тарату бойынша онлайн-платформалар ұйымдастыру;
- » - әдістемелік оқуға мүмкіндік беретін онлайн желілік ынтымақтастықты құру (педагогикалық семинарлар, проблемалық семинарлар, пікірталас клубтары, шығармашылық зертханалар);
- » - педагогтердің қажеттіліктері мен қиындықтарын, олардың кәсіби маңызды жеке қасиеттерін диагностикалау (сауалнамалар, анкеталау, тестілеу, педагогикалық практиканы талдау, педагогтердің өзін-өзі талдауы);
- » - ғылыми, әдістемелік, педагогикалық әдебиеттерге ақпараттық шолулар орналастыру;
- » - педагогтер мен оқушылардың шығармашылық жұмыстарының, әдістемелік әзірлемелердің, оқу құралдары мен дидактикалық материалдардың, педагогтердің шығармашылық есептерінің онлайн-көрмелерін ұйымдастыру;
- » - педагогикалық шеберліктің онлайн байқауын ұйымдастыру және өткізу және т.б.

► Күтілетін нәтиже

- Әдістемелік көмек көрсету;
- Білім беру ұйымы педагогтерінің біліктілігін арттыру;
- Сандық шешімдерді/өнімдерді, сандық білім беру ресурстарын насихаттау








Осы міндеттерді шешу сандық сауаттылықты дамытудың озық тәжірибесін қайталау, АТ, бағдарламалау және сандық экономиканың басқа да құзыреттіліктерін тираждау мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының педагогикалық қоғамдастығының жетістіктерін, жаңа педагогикалық технологияларды, мектеп алаңдарындағы шығармашылық өндірістерді кеңінен кеңейтуге мүмкіндік береді.

Білім беруді модернизациялау орталығы өз қызметінде білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары мен басқа да нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады, сайт мемлекеттік және орыс тілдерінде әзірленген, Интернет желісінде [http://online-metod.kz/мекен жай бойынша қолжетімді](http://online-metod.kz/мекен_жай_бойынша_қолжетімді)

Платформа «Нұр-Сұлтан» қ. білім беру мекемесінің білім беруді модернизациялау орталығы тарапынан қаланың білім беру мекемелерінің қызметіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу процесстерін кешенді сүйемелдеу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында әзірленген.

► Осы платформаның мақсатты аудиториясы:

Педагогтар

- ✓  Мектепке дейінгі
- ✓  орта
- ✓  техникалық және кәсіптік
- ✓  арнайы және қосымша
- ✓  Ата-аналар



▶▶ Оқытудан өту үшін мұғалімдер мен ата-аналарға қажет:



<http://online-metod.kz/> сайтына өту;



•Қажет курсты таңдау;



•Таңдалған курсты тыңдау;



•Сол курсқа берілген тапсырмаларды орындау.

▶▶ Сайтта бағыттар бойынша өзекті онлайн-семинарлардың жиынтығы ұсынылған:



Сабақты тиімді жоспарлау;



Оқушылар мен олардың ата-аналарына кері байланыс беру;



Бейне редакторларда өз сабақтарын құру;



Тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыру.